

8. Машан М.С. *Политическая система Казахстана: трансформация, адаптация, целесообразность*. - Алматы: Аналитический центр «Стратегия», 2000. - 196 с.

9. Дьяченко С.А. *Партогенез в Казахстане: состояние, проблемы и перспективы*. - Алматы: КИСИ, 1997. - 220 с.

10. Сейдуманов С.Т. *Феномен многопартийности в Казахстане*. - Алматы: Казахстан, 1997. - 272 с.

11. Телебаев Г.Т. *Партийное пространство и электоральные предпочтения*. - Астана: АГС при Президенте РК, 2004. - 17 с.

12. Перуашев А.Т. *Институционализация политической партии в современном Казахстане (опыт ГПК)*. - Алматы: Kitap, 2002. - 260 с.

13. Балапанова А.С. *Культурно-исторические основы в политической символической политике партий Казахстана // Вестник КазНУ*. - 2005. - N 2. - С. 82-85.

14. Адилова Л.Ф. *Имидж лидера в современных политических практиках*. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 283 с.

15. Насимов М.О. *Развитие политической*

рекламы в Республике Казахстан (политологический анализ). - Дис. на соиск. уч. ст. канд. полит. наук. - Алматы, 2008. - 122 с.

16. Досанова С.Ж. *Формирование политического маркетинга: зарубежный опыт и Казахстан*. - Дис. на соиск. уч. ст. канд. полит. наук. - Алматы, 2006. - 127 с.

Зерттеу такырыбының ғылыми әзірленгендігін сипаттай отыра, саяси имиджді зерттеулердің көптігіне қарамастан, қазіргі сәтке дейін отандық саясаттануда қазақстандық саяси партиялардың имиджі қалыптасуының ерекшеліктері жеткіліксіз зерттелгенін атап өту маңызды.

Characterizing a degree of scientific elaboration of the themes of research, it is important to note, that, despite of a plenty of researches of political image, till the present moment in domestic political science features of formation of image of the Kazakhstan political parties are insufficiently investigated.

Ә.С. Қайдарова

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ САЯСАТТАНУДЫҢ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ

Тәуелсіздік алған уақыттан бері Қазақстанда ұлттық идеяны жасау мәселесі бойынша терең пікір таластар жүріп жатыр. Бұл қазіргі уақыттың маңызды әдіснамалық, саяси мәселесі.

Алдымен, идеяның ұғымдық мазмұны мен әлеуметтік мағынасына үңілетік. Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Аткаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сана формасы, адамның басты сенімі болып табылады.

Идеяны, бірде рухани бастама, инициатива түрі, бірде субъективті сананың, оның өзіндік санасының тұрақталған тұтас түрі деп дұрыс ескертеміз. Ал ұлттық идеяның құндылықтарын ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлтқа қоғамдық бетбұрыс құрайды. Содан ұлттық идея қоғамдық дамудың нәтижесінен, ұлттық мәдениеттің деңгейінен, ұлттық мүдденің бағдарына тәуелді, солардан ұйытқы табады деген тоқтамға тұрақтаймыз. Айтпағымыз, қоғамдық өмірдің қозғаушы күштері көбейген және олардың іс-әрекеті қарқындаған сайын елдің ұлттық идеясы маңызға ие болып, оның мағынасы арта түседі.

Идея, тұлғалық рух бейнесінің өзі адамзат мәдениетінде рухани бастауы терең ой, түсінік, көзқарас, тарих тәжірибесінен өткен халық мұрасы: даналық пен ғылымның әлеуметке берер мүмкіндігі. Адамның тұлғалық феноменін

айқындаушы субстанция оның руханилығы болса, ал идея интеллектуалдылықтың ішкі мазмұны, зиялылықтың әлеуметтік бейнесі, тұлғалықтың тарихи көрінісі. Мәдениет бойындағы әрбір рухани адам кейінгі ұрпаққа идеяны ұсынушы бейнесінде емес, сол идея арқылы халықты игілікке жетелеуші де. И. Кант арнайы зерттеген интеллектуалдық субстанцияның тұлға ұғымының негізіне айналу себебі осында. Адамның ішкі рухани толғанысынан, түсінігі мен зиялы ойлауынан туған идея ғана рухани мәнге ие. Қоғам болмысының өзі ұрпақ үшін тарихи мәндер мен әлеуметтік құбылыстарды тану мен таңдаудың мүмкіндігі. Идея сол мүмкіндіктен туатын шындық. Мүмкіндікті жүзеге асырудың тұлғалық қадамы. Ұлттық қажеттіктер негізінде, халық философиясы деңгейінде қалыптасқан елдің мұраты мен ақырғы мақсаты [1].

Ресей саясаттанушысы және философы А. Рубцовтың ойынша: «Идея – бұл айқын нәрсіздік, күтпеген шынайылық». Ол анықтамасы бойынша көлемді негіздеуді қажет етпейді. Доктрина идеяны туғызбайды, керісінше Идея – доктринаны туғызады. Идея жалпы идеологиялық жағдайды реттейді және бояйды. Егер ұсыныстың өзегі өзі өзінен жұмыс істемесе, түсінідіру мен үгіт-насихатты қажет етсе бұл идея емес [2].

«Ұлттық идеяның» мәнін бүгінгі күнде нақты анықтау мүмкін емес.

Ұлттық идея дегеніміз не?

Алдағы болашаққа ел мен ұлттың дамуына қолайлы бағыт беретін идея. Егер мұндай идея бар болса қоғам өзінің тағдарының қожайыны бола алады, ол оны мақсатты түрде құрады. Бұл құрылыстың аясында жеке тұлға өзінің саналы тағдырына ие болады. Егер мұндай идея жоқ болса қоғам құрылымды болмайды ол аморфты атомдарға бөлінген жағдайға айналады, онда әр адам-атом өзі үшін ұсынылады және өзінің қатысады, ел мен ұлт жалпы алғанда саналы тәртіптен айырылады және өзінің болашағын жақсылап жоспарлаудан және оған ұмтылуды қояды.

Ұлттық идея қандай болуы керек?

Біріншіден, ол жаңа болу керек. Себебі біз ауыспалы, жаңарған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Алдыға артқа бұрылған баспен баруға болмайды. Өткен мен алдыңғыны сабақтастыра отырып, келешегі бар болжам жасау керек.

Екіншіден, ол алдыңғы қатарлы болуы керек. Бұл техника, экономика, саясат пен мәдениет саласында адамзаттың даму тенденцияларына сай келуі тиіс.

Үшіншіден, ол құрылымды, саналы болуы тиіс. Ол қоғамның нені қаламайтындығы туралы білімге сүйеніп қоймай, ең бастысы қоғамның нені қалайтынына сүйенуі керек.

Бұл идея ұлттың жақсы өмір сүруіне бөгет болатынның барлығын құртып қана қоймай, оның гүлденуі үшін нақты жағдайлар жасауы керек. Оның іске асырылуының нәтижесі адамдардың әл ауқаты мен қорғалуының, қоғамдағы тұрақтылықтың өсуі болуы тиіс.

Соңғысы, ұлттық идея ұлтсыз болмайды. Яғни бұл қай ұлттың топырағынан туындайтын қажеттіліктер мен мүдделерден шығуы тиіс.

Ұлттық идея дегеніміз, белгілі бір тарихи кезеңге ұлттың сай болуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық мұраттар және оларды жүзеге асырудың жолдары. Оның негізгі нысанасы, ұлттық мемлекет құру. Бұл мынандай үш өмірлік міндетті алға тартады.

1. Ұлттық саяси элита қалыптастыру.

2. Ұлттық экономикалық буржуазия қалыптастыру.

3. Ұлтты жетілдіру.

Ұлттық идея ұғымын былай анықтауға болады:

Бұл халықтың өмірінің құрылысының принципі. Бұл принцип халықтың жаны мен санасына, ақылына сай келетін өмір құрылысы.

Бұл болашақта жүзеге асыруға тиіс өмір сүру принципі.

Бұл қазір барынша нәтижесіз іске асырылып жатқан өмір сүру принципі.

Бұл болашақ туралы нақты айқындалған арман.

Өмір сүріп жатқан ұрпақтың болашақ туралы алдыңғы ұрпақтың арманымен бірдей арман.

Алдыңғы, қазіргі болашақтағы барлық ұрпақтың ақылын, санасын және жан дүниесін бейнелейтін халықтың біртұтас өмір сүру принципі.

Ұлттық идея – халықтың өмір құрылысын бейнелейтін танымдық түсінігінің қалпы ғана емес, сонымен қатар өмір құрылысын өзгертуге бағытталады. Ол алдыңғы және қазіргі ұрпақтың болашақ туралы арманын, сондай ақ қазіргі ұрпаққа қол жетімді өзгеру мүмкіндігін бейнелейді

Халықтың өмірін қайта құруға бағытталған таным формасы ретінде ұлттық идея халықтың болашақ өмір құрылысының негізгі принципін мазмұндайды.

Жалпы айтқанда ұлттық идея әрқашан арман болған бүгінгі күннің ертеңгі күнге айналуына бағытталған.

Ұлттық идеяның қалыптасу міндеттері:

– «Болмыс сананы анықтайтын» құлдық санадан «сана болмысты анықтайтын» еркін адам санасына өту.

– Болашақ өмір құрылысы туралы арманды жаңғырту, қазіргі және болашақ ұрпақ қабылдайтындай және алдыңғы ұрпақтың арманына қайшы келмейтіндей формада қалыптастыру.

– Халықтың алдыңғы ұрпағына тән болашақта осы арманның жүзеге асырылу әдістерін зерттеу.

– Қазіргі ұрпақтың болашақ арманы болатындай ұлттық идеяны жүзеге асыратындай қазіргі формаларын табу және соған сай жобалар, бағдарламалар, саясаттың қалыптасуы мен іске асырылуы үшін күш салу.

– Халық бұл – алдыңғы, қазіргі және болашақ барлық ұрпақтың біртұтас жиынтығы. Халықтың ақылы, санасы және жан дүниесі – алдыңғы, қазіргі және болашақ барлық ұрпақтарының ақылы, санасы және жан дүниесінің біртұтас жиынтығы.

– Бұдан шығатыны: әр ұлттың идеясы – сол мемлекеттің территориясында тұратын барлық адамдарының идеясы.

– Халық әр адамға тең әр адам өзінің халқына тең. Ұлттық идея әр азаматтың барлық шарттарына жауап беру керек.

Ұлттық идея сол ұлттың дербес болмысының сан ғасырлық өмір сүру жолын айқындай түсетін феномен және зиялылар қызметінің жүйесі. Ұлттық идея негізінде бір ұлт пен зиялылардың тарихи кеңістіктегі қызметін ғана емес, бүкіл адамзаттық мәдениеттің, соның негізіндегі ұлттық мәдениет пен зиялылар қызметінің әлеуметтік-мәдени негіздерін де айқындауға болады.

Ұлттық идеяның мәні ұлттың тілегі, ниеті, ой. Сондықтан да ұлттық идея ұлт мақсаты.

Әр мемлекетте өзінің құндылықтар мен идеалдар, әлемдік құрылысқа өзіндік көзқарас пен қатынасы бар. Әр халық өзінің тарихи дамуы барысында өзі жүзеге асыруға тырысатын бір ұлы идеяның ұстанушысы болады. Ұлттық идея жоғары идея ретінде өмірдің мәні, мақсаты, бағытын анықтайды. Ұлттық идеяның тарихтың бұрылыс сәттерінде ықпалы мен мәні зор.

Ұлттық идея – ел халқының шынайы немесе болжамды ұмтылыстарының, оның жетістіктерінің адамдардың санасында бейнеленетін ұғым. Ол халықтың түпкі, тарихи, тамырлас мүддесін бейнелейді. Сондықтан ұлттық идея абстрактілі құрылған идея бола алмайды. Сол елдің өзінше болмысын, сол немесе басқа халықтың тарихи тағдырын ескеретін нақты тәсіл қажет.

Ресей зерттеушісі А.А. Вальковтың пікірінше: «дамудың ұлттық деңгейіне жеткен әр халық өзінің қайталанбас жеке рухани актілерін, өзіндік жеке идеясын шығарады. Баяу, қинала қалыптаса отырып, ол өз тамырын ғасырлар тереңінен ала отырып, азаматтарды біріктіретін бір дауыспен айтылып, жүзеге асырылуға келеді [3].

Ұлттық идея ұлттың сана-сезімінің қойнауынан туады, өзінің тарихи дамуының, сондай ақ қазіргі және болашақтағы өз тағдырының ұлттық сезімін жинақтайды. Сол не басқа мемлекеттің, халықтың дамуын сипаттайтын рухани ауа-райының түзілуі ретінде пайда болады. Міне осы халықтың өзінің ашылуы мен көріну құралы болып табылады.

Қазіргі уақытта ұлттық идеяны зерттеудің түрлі тәсілдері анықталды: онтологиялық, мәдени, саяси, азаматтық, этникалық және т.б. Ұлттық идея-бұл кез келген халықтың тамыры мен шығу тегін сақтауға ұарұынды ұсынысы.

Қазіргі уақытта біз «ұлттық идеяға» тек өз тамырымыз бен дәстүрімізді сақтау жоспарында ғана келмейміз. Бұл мәселенің мемлекеттік құрылыспен байланыстылығы айқын.

Ұлттық идеяның қызметі әрқилы, анықтамасы көп, түсінігі жалқы бола бермейді деудің астарынан ұлттық мәдениеттің жетілуіне кереғар қағидалар қалқып шығады. Ұлттық мәдениеттің тетігі — тілдің, ділдің, дәстүрдің рухани қазынасында, оның тұлғалық, әлеуметтік, өлкелік деңгейдегі қызметі мен ықпалын көтермелейтін демеулікте. Идеяға деген әлеуметтік демеулік – ынталандырушы жүйе, мәдениетті жүйелі және субъективті қабылдауға, соны ұйымдастыруға себеп болады. Ұлттық идеяның мотиві елдік өмірдің мәдениетін ұйымдастыру барысында, оның

өзекті мәселесін шешу бағытында жүйеленеді. Жетістік ұлттық идеяны дамытуды жоспарлаудан басталады, сол ниетке шоғырланған әрекеттен жағымды жалғасын табады. Ұлттық идеяға сүйенетін әлеует өзіндік өнерді басшылыққа алады. Бұл - өзіндік серпіліс. Ұлттық мәдениеттің мотивтік өлшемінен шындық табиғатын, қоғамдық қажеттілік деңгейін, әлеуметтену аясының құндылығын пайымдаймыз. Ұлттық идея адамның әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу аумағы мен дәстүрін қамтиды. Ұлт болмысы мен рухынан нәр алған идея әсерлі танымда жалғасын да, әлеуметтік қолдаушы күшін де табады.

Идея – адамнан, көзқарас – көпшіліктен, қолдау – мемлекеттен, сырттан басталса да, олар бірін-бірі толықтыруы шарт. Осыдан ұлттық идея табиғатының күрделі болуына – ұлттық сана-сезім, ұлттық саясат, түрлі мәдениеттің ұлттық болмыста тоғысуы себепкер демекпіз. Демеулік – осы құрамдас дәнекерліктің сәйкестігінде. Біз осы құрылымдық құндылықтардың функционалды қызметтерінің бірін-бірі толықтыруын қалаймыз. Бүгінгі таңда өкінішке орай, идеология мен саясат саласында, ниет пен әрекет арасында үлкен алшақтық жалғасып жатқанын жасыра алмаймыз. Ұлттық мәселе қоғамдық қатынастың да, саяси-әлеуметтік және гуманитарлық көзқарастың да өзекті мәселесіне айналуда. Ұлттық идеяның әлеуметтік рөлі артса да, оны ғылымдардың ортақ ұғымы, категориясы ретінде жүйелі, арнайы зерттеу баяу жүруде, кешіге қолға алынуда. Ұлттық идеяны қамтитын, қолдайтын күш қандай? Қолдаушы күш дегеніміз – қоғам ба, мемлекет пе, этникалық топ па, әлде жеке тұлға ма?

Қоғамда ұлттық идеяның жақтаушыларын былай топтауға болады:

- 1) философиялық тұрғыдан ойланатындар,
- 2) ойдың логикалық, диалектикалық, ғылыми әдістерін қолдана білетіндер,
- 3) танымның теориясын жалғастыратындар,
- 4) әлеуметтік-мәдени орта мен адамның байланысын жандандыратындар, тек солар ғана ұлттық идеяның мәнін зерттеп, оның әлеуметтік мазмұны мен рөлін көрсетті. Оларға сауаттылық, сабырлылық, сенімділік, серіктестік тән. Идея бұл аяда рефлексивті, ретроспективті қызметін көрсетеді. Осыдан мынандай тұжырым туындайды: Ұлттық идеяға деген қажеттілік төрт тұрғыдан: талғамдық ұстанымнан, азаматтық әрекеттен, әлеуметтік талпыныстан, рухани бітімнен әрқалай және өзара үйлесімділікте көрінеді. Бұдан ұлттық идея мәдениеттің түрлі көріністерінің жиынтығы және түрлі пәндердің зерттейтін ортақ құбылысы, өзекті мәселе екендігі көрінеді.

Ұлттық идея жалпы мемлекеттік кешенді идеологияға тән емес, бірақ идеологиялық құрылыстың жалпы кешенінің негізі болып табылады.

Оның үстіне ұлттық идея қарапайым және түсінікті шынайылықтардың байланысы болмауы тиіс.

Сонымен ұлттық идея – атамекенінде өсіп-өнетін халықтың тоқтамы мен үміті, елдікті ту ететін еркіндік пен естіліктің есесі болып табылады.

Басқа сөзбен айтқанда ұлттық идея – бүгінгі күнде елдің барлық ұлттары үшін өзекті болып табылатын, бір ұранның астына жиналған ең маңызды және ынталандырушы идеялар.

Жалпы алғанда, ұлттық идея – халықтың уақытша қиындықтары мен кезеңдік қажеттіліктерін өзек ете салатын идея емес, халықтың сан ғасырлық, одан әрі ғасырлық

мұратын айқындайтын, келер ұрпақтарға рухани мұра бола алатын болуы тиіс.

1. Ергали И. Е. *Философия как духовная деятельность* / Под общ. ред. А.С. Серикбаев. - Астана: Академия гос. службы при Президенте РК, 2003. - 283 с.

2. Рубцов А. *«Россия в поисках Идеи»*. – М.: 2005. – С.12.

3. Вальков А.А. *Идея нации в свете русской социально-философской мысли* / Уфа: Изд-е Башк. ун-та, 1996. - 100 с. (7, 8).

В этой статье анализируются различные трактовки понятий «национальная идея».

In this article the authors have analyze also tract terminal national idea.

С.К. Ахметов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІНІҢ КӨТЕРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Бүгінде халықаралық мамандардың ойынша Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамалық базасы біршама дамыған деген пікірмен келісіп, оның ТМД елдері мемлекеттік қызметтерін реформалауға үлгі ретінде қолдануға болатындығын құптайды. Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсімді бір шетінен қамтамасыз еткен факторлардың бірі ретінде мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қызмет реформасын айтуға болады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеруді зерттеу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бірқатар тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет институтының қалыптасуы, оның мәні мен бағыттылығы мемлекеттің функционалдауын қамтамасыз ету болғандықтан, демократизация процесінің басым бағыттарының бірі болып табылады [1]. Мемлекеттің мәні, мемлекет пен қоғам, мемлекеттік лауазым, мемлекеттік қызметші және азамат арасындағы өзара қатынасын білдіретін, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастарды үндестіруге бағытталған, мемлекеттік басқару мен мемлекеттік билік жүйесінде тұрақтандырушы және интеграциялаушы функциясын атқаратын, бірлескен, тұтас және жүйелі

ұйымдастырылған мемлекеттік қызмет арқылы іске асырылуы мүмкін.

Қазақстандық мемлекеттік қызмет моделін модернизациялау елде жүріп жатқан саяси өзгерістермен түсіндіріледі. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарына сәйкес ары қарай дамудың саяси қайта құрулары жасалған болатын.

2007 жылғы конституциялық өзгерулерге байланысты елде саяси жүйенің жаңа моделі қалыптасуда. Бұл, өз кезегінде, либерализациянудың, ашықтық пен саяси-биліктік үрдістердің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, саяси партиялардың қоғамдағы рөлінің үлкеюіне себепкер болуда. Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесін оптимизациялау мен оның ұйымдасулық нәтижелігін арттыру қажеттігі ерекше маңызға ие болып отыр.

Соған байланысты қолданысқа келесі сияқты басқару инструменттері енгізілуде: «электронды үкімет», стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік қызмет көрсетулерді стандарттау, бюджеттік реформа және тағы басқалары. Осы орайда, 2008 жылы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру